

Уақытша сақтау қоймасы иесінің мемлекеттік кірістер органдарының бейнеақпараттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 144 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 4 мамырда № 13684 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 283 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 23.02.2018 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң ескертпесі!

Бұйрық 01.07.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 2010 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексі 44-бабының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Уақытша сақтау қоймасы иесінің мемлекеттік кірістер органдарының бейнеақпараттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде оны ресми жариялануға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен алынған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін оны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
29 наурыздағы № 144
бұйрығымен
бекітілген

Уақытша сақтау қоймасы иесінің мемлекеттік кірістер органдарының бейнеақпараттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар 2010 жылғы 30 маусымдағы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 44-бабының 1-1) тармақшасына (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес әзірленген және уақытша сақтау қоймасы иесінің мемлекеттік кірістер органдарының бейнеақпараттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

2. Уақытша сақтау қоймасы иесінің мемлекеттік кірістер органдарының бейнеақпараттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету тәртібі

2. Кодекстің 40-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес уақытша сақтау қоймасы соңғы күнтізбелік отыз күн ішінде болған оқиғалар туралы бейне ақпараттарды қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тәулік бойғы режимде жұмыс істейтін бейне бақылау жүйесімен жабдықталады.

3. Кодекстің 208-бабының 3-тармағына сәкес аталған ғимараттар мен аумақтарды Кодекстің 40-бабымен белгіленген шарттар және талаптарының сәйкестігін тексеру мақсатында, сондай-ақ құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардан Қазақстан Республикасының процестік заңнамасына сәйкес алынған жедел ақпарат негізінде уақытша сақтау қоймасының иелері мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларына бейнеақпараттарға қол жеткізуді ұсынады.

"Үй-жайлар мен аумақтарды қарап тексеруді жүргізуге арналған ұйғарымның (нұсқаудың) нысанын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6454 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 415 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша ұйғарым (нұсқау) және мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасы қызметтік куәлігін ұсынған кезде, не құқық қорғау және өзге мемлекеттік органдардың бейнеақпаратты қарау үшін мерзімі

Бейнеақпараттарға қол жеткізуді тіркеу журналы

№ р/ н	Бейнеақпаратты қарау күні	Бейнеақпаратты қарау мерзімі	Мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасының Т.А.Ә.(егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы	Уақытша сақтау қоймасы қызметкерінің Т.А.Ә.(егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы	Құқық бұзушылық немесе қылмыс белгілерінің анықтағаны туралы ақпарат	Бейнематериалдарды көшіру/алу туралы ақпарат	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8

Уақытша сақтау қоймасы
иесінің мемлекеттік кірістер
органдарының
бейнеақпараттарға қол жеткізуін
қамтамасыз ету қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Бейнематериалдарды алу/көшіру актісі

Мен, _____

_____ (Мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасының лауазымы және Т.А.Ә.(егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе)

_____ бүгін " _____ " _____ 20____ ж. _____ сағ _____ мин _____
(уақытша сақтау қоймасының атауы және мекен жайы)

1. _____

_____ (Актіні жасау кезінде қатысқан уақытша сақтау қоймасы қызметкерлерінің және өзге тұлғалардың Т.А.Ә (егер ол жеке басын қуәландыратын құжатта көрсетілсе)

қатысуымен

2. _____

—,

(алынған бейнематериалдар және олардың сипаттамасы көрсетіледі)

_____ алынды/көшірілді

.

Мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғасының қолы

1. _____ 2. _____

Акті жасау кезінде қатысқан тұлғалардың қолы